"Рахат" бірлескен кәсіпорнының Австрия несие желісінің шеңберінде "Рахат Палас" бес жұлдызды қонақ үйінің құрылысы жобасы бойынша мемлекеттік емес сыртқы заемын қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 19 наурыздағы N 232

Қазақстан Республикасының кепілдігі бар мемлекеттік емес заемды қайта құрылымдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі, Қаржы министрлігі мен "Bank Austria AG" арасында 1998 жылғы 4 наурызда қол қойылған Хаттама 1993 жылғы 4 қарашадағы "Рахат Палас" қонақ үйі жөніндегі несие келісіміне қатысты назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен мемлекеттік Экспорт-импорт банкі 1998 жылдың 20 наурызына дейін "Bank Austria AG"-мен қосымша несие келісімін жасау арқылы "Рахат" бірлескен кәсіпорнының мемлекеттік емес сыртқы заемын қайта құрылымдауды заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК